

Қыдырова Салтанат Рашидовнаның «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбында «6D010300 – педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Осы орайда Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік және экономикалық жағдайдың өзгеруіне ғана емес, бар қолданыстағы шындыққа белсенді ықпал етіп, оны жақсартуға дайын болатын ұрпақ тәрбиелеу» екендігі айтылған. Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауларында мамандар даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары «сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігі» атап көрсетілген.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті ұрпақты, Z ұрпағын тек кәсіби біліктілігі жоғары және шығармашыл ұстаз ғана қалыптастыра алады. Ал, бұл өз кезегінде жоғары педагогикалық білім беру ұйымдарындағы болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы бірқатар мәселелерді зерттеуді қажет етеді. Соның бірі – болашақ мұғалімдердің жаңашыл ойлауы, олардың шығармашылықпен жұмыс жасаулары. Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаз – теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінде жалықпайтын, баланы өзіне тарта алатын, шығармашылық ізденістегі адам.

Салтанат Рашидқызының докторлық диссертациясында студенттердің - болашақ педагог кадрлардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметінде шығармашылық ойлаумен жұмыс жасауын, яғни қызмет барысында әрдайым шығармашылық тұрғыда ойлау қабілетін жетілдіру мәселелерінің теориялық негіздері анықталып, практикалық тұрғыда қамтасыз етілуі оның зерттеуінің көкейкестілігін көрсетеді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі

Салтанат Рашидқызы зерттеу проблемасына қатысты ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен әдебиеттеріне, озық тәжірибелеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан кеңінен талдау жасап, өз көзқарасын жинақтап, жүйелеп көрсеткен. Демек, докторант Кыдырова Салтанат Рашидқызының «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациясының тақырыбы өте көкейкесті.

Докторант зерттеу проблемасын шешу мақсатында зерттеу міндеттерін дұрыс қалыптастырған. Қойылған зерттеу міндеттерін шешу барысында оларға сәйкес ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың мәнін анықтаған;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаған;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесін жасап, оның тиімділігі эксперимент жүзінде тексерген.
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту деңгейлерін диагностикалау мен бағалау әдістемесін жасаған;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесін жасаған;
- шығармашылық ойлауды қалыптастыруда болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерген.

- «Шығармашылықты дамыту және дарынды балалармен жұмыс» атты элективті курсы, мәдени жағдаяттар жүйесі, шығармашылық ойлауды кезеңдермен дамытудың ғылыми-әдістемелік нұсқауларын дайындап, оның тиімділігін іс-тәжірибеде Ақтөбе қаласындағы С.Бәйішев және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеттерінде зерделеген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі

Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы диссертант алыс, жақын шет елдік және отандық ғалымдарының шығармашылық ойлау мәселесіне арналған еңбектерін жан-жақты талдау негізінде зерттеуші *ойлау, шығармашылық, шығармашылық ойлау, студенттің шығармашылық ойлауы* түсініктерін өзінің зерттеу пәніне сәйкес нақтылай отырып, *ойлауды* - тұлғаның танымдық әрекетінде жүзеге асырылатын психикалық компонент екендігін, ойлау мен шығармашылық ұғымның негізгі мәні олардың танымдық, яғни ақыл-ой іс-әрекетінде көрініс табатындығын, оның екеуінің де интеллектуалдық белсенділік арқылы іске асатындығын көрсете отырып, *шығармашылық* дегеніміз жаңаны іздеп ойлап табу үдерісі, ал

шығармашылық ойлау – ынталылық, эвристикалық, креативтілік деңгейдегі интеллектуалдық белсенділікпен, конструктивті дербестікпен жаңаны іздеп ойлап табу үдерісі деп тұжырымдайды. Бұл анықтаманы біз қолдаймыз және докторанттың өз ойын ғылыми тұжырымға түсінікті де нақты сыйдыра алуы оның зерттеу проблемасын жетік біліп қана қоймай, ғылымдағы ойының ұшқырлығы мен ізденімпаздығын көрсетеді.

Екіншіден, диссертант студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған. Осы модельде ол аталған даярлықтың компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтайды. Студенттің шығармашылық ойлауының әрбір өлшемінің деңгейлері сипатталған.

Үшіншіден, жұмыс шығармашылық ойлауды қалыптастырудың негізгі сыртқы және ішкі байланыстарын аша түседі: *шығармашылық ойлау мен әлеуметтік ортаның байланысы; шығармашылық ойлау және іс-әрекет байланысы; тұлғаның шығармашылық ойлауы мен белсенділігінің байланысы; шығармашылық ойлау мен қарым-қатынастың байланысы.*

Зерттеуде «психологиялық-педагогикалық шарттар» санатын екі позиция тұрғысынан зерттеуді мақсат еткен және соған қол жеткізе білген. *Біріншіден*, педагогикалық шарттар – бұл оқу процесінің пайда болу, өмір сүру және даму көзі, оның мүмкіндіктерінің кепілі. Арнайы жасалған педагогикалық шарттардың тұтас педагогикалық үдерісті реттеу қабілетіне, оның құрылымдық элементтерін бір-бірімен сәйкестендіріп жасау мүмкіндігіне ие болатынына, *екіншіден*, психологиялық шарттар оқыту процесінің «атмосферасы», оның тиімділігіне әсер ететін объективті және субъективті факторлардың жиынтығы болып табылып, оқытудың өту сипаты, оның дамуы, жетілуі, тиімділігі психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесінің мақсатқа бағытталуына, ұштастырылуына, логикалық үйлесімділігіне байланысты екендігіне тоқталған.

Төртінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы С.Қыдырованың зерттеуінің практикалық құндылығы оның өзі жасаған механизмге сәйкес бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруы табылады: тәжірибелік-эксперимент жұмыс барысында психологиялық және педагогикалық әдістемелер негізінде студенттің шығармашылық ойлауын диагностикалаудың бейімделген әдістемесін әзірленген және психологиялық-педагогикалық шарттардың тиімділігі мен олардың жеткіліктілігін эксперименттік тұрғыдан тексерген.

Педагогикалық эксперимент және тәжірибені талдау осы байланыстардың қажеттілігі мен мәнділігін есепке алмағанда шығармашылық ойлауды қалыптастыру процесін тиімді ұйымдастыру мүмкін еместігінен туындайтынын көрсетеді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Салтанат Рашидқызының зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, әрбір теориялық тұжырымдардың өзара байланыстылығымен және олардың 2 жоғары оқу орнында жүргізген

тәжірибелік-эксперимент жұмысымен, қорытындысымен және ізденушінің әдістемелік ұсыныстарымен сипатталады.

Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Жұмыс студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері; студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары; студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы деп логикалық тұрғыдан бір-бірімен сабақтасып жатырған 3 тарауға бөліп, әр тарау 3 параграфқа бөлініп, бірізділікті, сабақтастықты сақтаған. Жұмыстың мазмұны диссертацияның зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің толыққанды орындалғанын және диссертацияның құрылымдық және мазмұндық біртұтастығын көрсетеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында жазылған аталмыш ғылыми жұмыстың педагогика ғылымы үшін маңызын атап өту керек. Себебі зерттеуде педагогика ғылымының, жалпы барлық ғылымға тән бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті проблема шығармашылық ойлау туралы мәселе көтеріліп, шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында, барлық педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлайтын, жоғары оқу орындарында, осы саладағы мамандарды қайта даярлау, олардың біліктіліктерін көтеру институтының тәжірибесінде пайдалануға болатындығын үлкен сеніммен айтуға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 8 еңбекте жарық көрген: негізгі тұжырымдар, теориялық және практикалық нәтижелер 3 халықаралық конференцияда (оның 1-еуі шет елдік) талқыланған. Сонымен қатар 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамту комитеті ұсынған басылымдарда, 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда жарияланған.

6. Диссертация мазмұнында және рәсімделуінде кездесетін кемшіліктер:

Диссертацияның мазмұны мен оны рәсімдеу бойынша мынадай ұсыныстар айтуға болады:

1) элективті курс бойынша жұмыстар өз деңгейінде жақсы жүргізілген, алайда тақырыптарының мазмұны кеңейтілсе, оның практикалық құндылығы арта түсер еді;

2) диссертацияда ұсынылған сызбалық суреттер дидпктикалық көрсетілімдергі қойылатын талаптарға толық сай берілгенде рәсімделу деңгейі жақсара түсер еді;

3) диссертацияда ішінара қайталаулар, стильдік, грамматикалық қателер кездеседі.

Дейтұрғанмен, осы айтылған ұсыныстар диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Бұл жұмыс педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерге қойылған қазіргі заман талаптарын қанағаттандырады деп санаймын. Өйткені еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы жан-жақты шешілген.

7 Түісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Қорыта айтқанда, Қыдырова Салтанат Рашидовнаның «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациясының мазмұны мен рәсімделуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласын сапамен қамту комитетінің талаптарына толық жауап береді. Жұмыстың дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек деп танып, диссертациялық жұмысты 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Пікір беруші:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің «Педагогикалық
шетел тілдері» кафедрасының
аға-оқытушысы, (PhD) доктор:**



Сагдуллаев И.И.



РАСТАЙМЫН:

Қ.А. Тоқаев атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
Бастығы

ҚОЛЫН

